

**1-қыркүйек – Білім
күнімен құттықтаймыз! 1-қыркүйек – Білім
күнімен құттықтаймыз!**

Қыркүйектің 1-і —Білім күні!



Сабақтың мақсаты:

Оқушыларға білімнің адам үшін аса қасиетті екенін түсіндіру. Мектептегі бірінші күн, мектептегі алғашқы жиын, білім күні қалай өткенін еске түсіру.
Мәтінді өз бетімен талдау жасату арқылы оқушы біліктілігін арттыруға, ойлануға, жүйелі жұмыс жасауға үйренуге жағдай жасау.
Ауызбіршілікке, мұғалімге құрметпен қарауға тәрбиелеу.



**"Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік, және
отаншылдық"**



Сабақтың мақсаты:

Еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейтіп, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік бере отырып, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.






«Қауіпсіз интернет».



Сабақтың мақсаты:

Бүкіләлемдік өрмек – интернетке байланысты оқушылардың білімдерін нығайту, тиянақтау; Оқушылардың интернет туралы толық ой қалыптастыру, оқушылардың тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, пәнге қызығушылығын арттыру; Оқушылар өз ойларын тиянақты жете айта біліп, сахнада өздерін сабырлы әрі тәртіпті ұстауды ескеріп, қарсыластарын тыңдай білуге тәрбиелеу;






**«Діни экстремизм мен терроризмге»
қарсы күрес**





«Қауіпсіздік ережелері»



Сабақтың мақсаты:

Қауіпсіздік ережелері туралы толық мағлұмат беру. Суретпен жұмыс арқылы, топтық жұмыс, жұптық жұмыс, жеке жұмыстар арқылы оқушылардың қауіпсіздік ережелері туралы білімдері арттыру. Оқушыларды қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.



«Ұстазым менің ұстазым!»



Сабақтың мақсаты: Ұстаздың адам өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту.

Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге тәрбиелеу.

«Жаңа Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалды. Дегенмен бұл бағытта әлі де біршама өзгерістер қажет.



"Жемқорлыққа қарсымыз"



Сабақтың мақсаты:

“Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу

қабілеттерін дамыту Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптастыру



«25 қазан Республика күні»



Сабақтың мақсаты : Оқушыларды өз Отанын сүйюге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.

- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Біздің дүниеде бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан.

1990 жылы 25 қазанда Республиканың жоғары кеңесі еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде дамуының құқықтық негізін қалаған Декларацияны қабылдады. Осы тарихи маңызды қадам арқылы Қазақстан дербестіктің, тәуелсіздіктің алғашқы баспалдағын басты. Сол уақыттан бері мемлекетіміз өтпелі кезеңнің қиыншылықтарына төтеп бере

отырып, даму мен өркендеужолында келеді.



«Отбасым : ата анам және мен»

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.



